

Дүйсенова С.М.  
**Болон процесінің  
Қазақстандағы жоғары білім  
беру жүйесіне енуі**

Еуропалық кеңістікке енген кезде мемлекеттер және Қазақстан университеттері бірлескен күшпен еуропалық жоғары білімнің эволюциясына септігін тигізу үшін ұлттық мүдделерді ескеретін жалпы ұстанымды жасап шығарудың мәнісі бар. Біз еуропалық білім беру бағдарламаларын, стандарттарын, қағидааттарын қабылдап қана қоймай, Еуропаға біздің ғылыми және білім жетістіктерімізді көрсететін өзіміздің де бағдарламаларымызды, стандарттарымыз бен қағидаларымызды ұсынуымыз керек. Табысты бәсекелесу үшін біз білім сапасын жоғарылатып, оның мемлекетіміздің әлеуетті даму қажеттіліктеріне сәйкес келуіне қолжеткізуіміз керек. Бұл ретте, жоғары білім сапасын бағалау инновациялар мен дәстүрлердің, академиялық артықшылық пен әлеуметтік қажеттілік, бағдарламаны стандарттау мен ерікті таңдау арасындағы теңгерімді талап етеді. Бұл жерде де білім сапасы әлеуметтік сенім мен жұмылғыштықтың, білімнің сыйымдылығы мен тартымдылығының, оның бәсекеге қабілеттілігінің негізгі шарты ретінде алға шығады. Егер ғылыми зерттеулерді бағалаудағы халықаралық тәсілдемелер сенімділіктің қалыптасуына жағдай жасаса, онда ұқсас шаралар жоғары білімге де қатысты жасалуы қажет. Білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету нәтижелерді өзара мойындаудың, ұлттық, лингвистикалық және аймақтық ерекшеліктерді құрметтейтін нысан ретінде «аккредитациялаудың» еуропалық деңгейінде әзірленген механизмдерге негізделуі қажет. Мақалада Қазақстан қоғамындағы жоғары білім беру жүйесінің Болон процесіне енуі мен онда кездесетін мәселелер туралы көзқарастар айтылған. Экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени деңгейлерінде жүріп жатқан және облыстарды, аймақтарды, тұтас алғанда, бүкіл елімізді қамтып жатқан қазіргі заманғы жаһандану және интеграция жағдайында бірыңғай жалпы білім беру кеңістігін құру өзекті мәселе болып отыр. Соңғы бірнеше жылдарда қол жеткізілген айрықша жетістіктердің арқасында Еуропада болып жатқан үрдістер одан да нақты сипатқа ие болып, Еуропалық одақ елдері мен олардың азаматтарының шынайылықтарына анағұрлым толық сәйкес келе бастады. Осыған байланысты туындаған әлеуеттер, өзге еуропалық елдермен тереңдете орнаған қатынастармен қатар, бұдан да жоғары даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта адамдық капиталға инвестиция экономикалық қозғалыстың ерекше көзіне айналуға, болашақ өркеніетті әлем алдыға білімді адамға деген белгілі бір талап қойылатын қоғамдық дамудың сапалы жана постиндустриалды бағытына өтуді белгілеуде.

**Түйін сөз:** білім, Болондық процесс, жоғары білім беру жүйесі.

Duisenova S.M.  
**Joining the Bologna process into  
the system of higher education in  
Kazakhstan**

It makes sense in the development of the general principle of taking into account the national interests to influence the evolution of the European higher education combined efforts of state and Kazakh universities with membership in the European space. Not only do we have to take training programs, standards and rules of European education, but also, in turn, need to offer Europe the programs, standards and rules showing our achievements in the field of science and education. For competing profitably, we must improve the level of education, and achieve whatever that education conforms to the needs of our state. In this context, higher education quality evaluation equation requires innovation and tradition, academic excellence and social need, standardization of education and free choice. Here, the quality of education of social trust and association capacity and attractiveness of education act as a major factor in its competitiveness. This article discusses the views of the Kazakhstan society on the introduction of higher education in the Bologna process. To date, the issue of establishing a single common educational space is very relevant in the current context of globalization and integration that covers all the countries of his region and the area of its economic, political and socio-cultural levels. Over the past few years thanks to some achievements processes taking place in Europe have become more apparent and began a more detailed approach to the veracity of European citizens and the Commonwealth. The potential arising from this provides us the opportunity to equal the deep relations to achieve greater development growth. Thereby, the general view, we are witnessing the fact that close relations with Europe are necessary for us to increase the establishment of the intellectual, cultural, social and scientific-technical potential. In today's world, investment in human capital is one of the most important factors of economic development, the future civilization determines the transition to the new post-industrial direction for the qualitative development of society and therefore there will be new requirements for highly educated man.

**Key words:** Education; the Bologna Process; Higher Education.

Дүйсенова С.М.  
**Вступление Болонского про-  
цесса в систему высшего  
образования в Казахстане**

В данной статье рассматриваются взгляды казахстанского общества относительно внедрения высшего образования в Болонский процесс. На сегодняшний день вопрос об установлении единого общего образовательного пространства является очень актуальным в современных условиях глобализации и интеграции, охватывает всю страну, его регионы и области его экономических, политических и социально-культурных уровней. За несколько последних лет благодаря определенным достижениям процессы, имеющие место в Европе, стали более ясными и начали более точно подходить к правдивости европейских граждан и содружеств. Потенциал, возникший с этим обеспечивает нам возможности наравне с глубокими отношениями добиться еще большего роста развития. Посредством этого по общему мнению мы становимся свидетелями того, что тесные связи с Европой необходимы нам для повышения установления интеллектуального, культурного, социального и научно-технического потенциала.

**Ключевые слова:** образование, Болонский процесс, высшее образование.

**БОЛОН ПРОЦЕСІНІҢ  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ  
ЖҮЙЕСІНЕ ЕНУІ****Кіріспе**

Білім беру қызметінің реформациялық қайта құру қоғамы қызметіндегі рөлі жетекші болып танылады, себебі постиндустриалды білімді дамыту тұжырымдамасын ұштағанды өндірістік фактормен толықтырып, өзара қатынасын алдын ала анықтайды. Экономикалық өсімнің қарқынды факторы бола тұра білім алушылық деңгейі ұлттық өнімнің жалпы пайдасының көлеміне ерекше әсер ете отырып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық рөлін әлемдік кеңістікте белгілейді [1].

Болон келісіміне қол қою Қазақстан үшін маңызды мәселелердің бірі болды. 2010 жылдың 11 наурызында Қазақстан Еуропалық жоғары білім аймағына (Болон процесі) кірді. «Біздің еліміз – еуропалық білім беру кеңістігіне теңдей негізде кірген алғашқы ортаазиялық мемлекет. Қазіргі уақытта, университеттердің Ұлы хартиясына 60 қазақстандық университеттері қолдарын қойды». Университеттердің Ұлы хартиясы 1988 жылы Болонья қ. қабылданған болатын. Осы құжатқа қол қоя отырып, университеттер ЖОО-ның дербестігін (автономиясын), демократиялық басқару қағидаларын, студенттердің академиялық еркіндіктерін, ғылыми зерттеулердің еркіндіктерін және т.б. дамыту туралы міндеттемелерді өз мойнына алады. Қазақстанда жоғары білім саласында елеулі түрдегі сапа өзгерістері орын алды. Жүйеде жоғары білімді қайта құрылымдау жүргізілді: кадрларды даярлаудың үш сатылы моделі енгізілді (бакалавриат – магистратура – PhD докторантура). Жоғары білімді қаржыландырудың нарықтық жағдайға бара-бар жаңа қағидалары салынды. Республиканың 38 ЖОО-да екі дипломдық білім беру жүзеге асырылуда, 131 ЖОО-да несиелік технологиямен оқыту, 42-де – қашықтықтан оқыту жүргізілуде. Қазақстан ЖОО-нда халықаралық стандарттар бойынша аккредитациялауға негізделген білім сапасын қамтамасыз ету және кепілдеу жүйесі жасалған. 2 жыл ішінде еліміздің 24 ЖОО ұлттық институциялық аккредитациядан өтті [2].

«Еуропалық білім» ендігі кезде әлеуметтік және гуманитарлық дамудың таптырмайтын факторы ретінде, сондай-ақ, оның азаматтарына жаңа мыңжылдықтың шақыруына қарсы тұруға бір уақытта, құндылықтардың тұтастығы мен жалпы әлеу-

меттік пен мәдени кеңістікке тиесілігін түсіне отырып, қажетті мәліметтерді ұсынуға қабілетті еуропалық азаматтықты біріктіру және байытудың қажетті құрамдас бөлігі ретінде кеңінен танылған. Білім мен білім беру ынтымақтастығының орнықты, бейбіт және демократиялық қоғамдарды дамыту мен нығайтудағы маңыздылығы әмбебап болып табылады және ол бірінші кезектегі мәселе ретінде расталады [3].

### Негізгі бөлім

Еуропалық білім беру кеңістігінің алғашқы көріністері 1988 ж. белгілене бастады, ол кезде еуропа университеттерінің ректорлары Еуропадағы ең көне университеттің 900 жылдығын атап өту үшін Италияда (Болонда) жиналған болатын. Университеттердің қабылданған Ұлы хартиясында Білім министрлері, ең алдымен, қазіргі әлемде университет рөлінің артып келе жатқанын атап өтті. Университет қызметінің басты іргелі қағидасы ретінде оның «автономиялылығы», «дербестігі» аталды. Реті бойынша екіншісі – білім беру мен ғылыми зерттеулердің бірлігі аталып өтті. Ұлы хартия еуропалық университеттерді ақпаратпен және құжатнамамен өзара алмасуды, бірлескен жобаларды үнемі жүзеге асыруды білімге айналдыру үшін аса маңызды шара ретінде қарастыруға үндеді. Осы мақсатта Хартия оқытушылар мен студенттердің жұмылдырылуын көтермелеуді; мәртебелері іспеттес баламалы дәрежесін құрудың жалпы саясатын жасап шығаруды; білімді бақылаудың ашықтылығын жүзеге асыруды ұсынды.

Болон процесі жаһандандудың үндеулеріне жауап ретінде де қарастырылады. Жаһандандыру дегеніміз – әлемдік қарым-қатынастардың жаңа сапалы жағдайы болып табылады. Жаһанданду әртүрлі объективті және субъективті факторлардың салдары болып табылады: қоғамды ақпараттандыру, өндірістік күштердің дамуы, ең бастысы білім мен ғылымды дамыту болып саналатын адамның қоғамдағы орны туралы өзгеріп тұратын түсініктер. Білім ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан әлеуметтік-мәдени іс-тәжірибені тасымалдаудың негізгі тәсілі қызметін атқарады, сондай-ақ, ол мәдениетті, ғылымды, адамгершілікті, ұлттық-этникалық архетипті мұраға қалдырудың қоғамдық институты да болып табылады [4].

Болон процесін оған қатысушылар, байқаушылар мен сарапшылар 40-тан астам ел қатысатын әлемдік университет қауымдастығының интеграциясы ретінде қарастырады. Интеграция-

лық үрдістер әлемдегі еуропалық жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға бағытталған, ал Болон декларациясы ұлттық ерекшелік сақталған жағдайда, жоғары білімнің үйлесуіне әкелуі тиіс.

Еуропада жоғары білімнің бірыңғай кеңістігін жүзеге асыру құралдары нақтыланған. Бұл оқуға жеңіл және салыстырмалы дәрежелі жүйесін енгізу; ЖОО-ның түлектерін жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуі тиіс дипломға қосымшаларды қолдану; екі негізгі деңгейге негізделетін жүйені енгізу, оның бірінші деңгейі кем дегенде үш жылға созылуы және еуропалық еңбек нарығында сөзсіз түрде танылуы тиіс; бұдан кейін магистр және/немесе доктор дәрежесіне оқытуға жол береді.

Болон декларациясы еуропалық университеттерді ECTS (European Credit Transfer System – «Несиені өзара есепке алудың Еуропалық жүйесі») жүйесіне ұқсас бірыңғай академиялық несиелер жүйесін енгізуге шақырды. Бұл ең алдымен, студенттерді кең ауқымды жұмылдыруды қолдау үшін; білім беру сапасы мен бұл үшін қажетті бақылаудың салыстырмалы белгілері мен әдістерін дайындауды қамтамасыз ететін еуропалық ауқымдағы ынтымақтастықты күшейту; жұмылғыштық аясында бірлескен білім беру және зерттеу бағдарламаларын дамыту қажет.

Болон декларациясының тағы бір маңызды жағы – ол студенттердің, академиялық және әкімшілік қызметкерлердің жұмылдырылуын ілгерілету. Студенттердің, академиялық және әкімшілік қызметкерлердің жұмылдырылуы жалпыеуропалық жоғары білім беру кеңістігін орнату үшін іргетас болып табылады. Декларацияға қол қойған министрлер жалпыеуропалық жоғары білім беру кеңістігі шеңберінде жұмылдыру жолындағы барлық кедергілерді жою бойынша күш салатын ниеті бар екенін растайды. Келесі маңызды қадам – өз елдерінде жоғары білім үшін жауапты 32 министрлерді 2001 жылы Прага қ. Коммюникеге қабылдау болды. Қабылданған бірлескен Коммюникте 2010 ж. Еуропада жоғары білімнің бірыңғай кеңістігін құру міндеттері расталды. Болон декларациясында студенттер жоғары білім қауымдастығының толыққұқылы мүшелері болып табылу айғағына алғаш рет назар аударылды. Одан басқа, студенттердің Болон процесіне қатысуына Коммюникенің маңызды бөлімі арналды, мұнда студенттер жоғары білімнің бірыңғай еуропалық кеңістігін құруда «құзыретті, белсенді және сындарлы серіктестер» деп аталынады [5].

Коммюникте екі деңгейлі жоғары білім беру жүйесін енгізуге қатысты еуропалық ауқымдағы серпін жағымды деп белгіленді; деңгейлерге аттары берілді: біріншісі – «бакалавр» (ағылшынша bachelor), ал екіншісі – «магистр» (master).

2005 жылдан бастап екі деңгейлі жүйені енгізу басталды. Оқыту және ғылыми зерттеулер арасында одан тығыз байланысты қамтамасыз ету және ҒЗЖ-ін Еуропадағы жоғары білімнің ажырамас бөлігі деп тану үшін жоғары білім жүйесіне тағы үшінші деңгейді – докторантураны қосу және жүйені екі деңгейліден үш деңгейліге өзгерту туралы шешімі қабылданды (бакалавриат – магистратура – докторантура).

Осыдан кейін еуропалық жоғары білімнің көп деңгейлі жүйесі туралы айтылатын болды. Жоғары білімнің үшінші деңгейі – докторантураға кіру шарттарына да анықтылық енгізілді: алдымен бакалавриат, одан кейін – магистратура және тек содан кейін ғана – докторантура.

Министрлердің Берлиндегі өткен кездесуінде Берлиндік коммюникесі қабылданды, мұнда дипломның Еуропалық қосымшасына баса назар аударылды. Ұлттық білім беру жүйелерінің алдында 2005 ж. бастап әрбір студентке дипломға Қосымшаны кең таралған еуропалық тілдердің бірінде «автоматты түрде және тегін» беру мақсаты қойылды. Сонымен қатар, министрлер жұмыс берушілерге дипломға Қосымшаны тануға, соның негізінде ЖОО түлектерін жұмысқа қабылдауға, ал ЖОО әкімшіліктерін оларға жоғары білімнің одан жоғарғы деңгейлеріне қолжетімділігімен қамтамасыз етуге шақырды.

Берлиндік коммюникеде біріктірілген оқу бағдарламаларын дамыту қажеттілігіне ерекше көңіл аударылды, олар студенттерді шетелде барынша көп уақыт өткізуге түрткі болар еді және өздерінің еуропалық ұқсастығын және азаматтығын, еңбек нарығында талап етілгендігін ұғынуға көмектесер еді [6].

Болон процесі жолында жағымды мақсаттарға келесі қажетті кадамдар арқылы жету жоспарланады:

1. Несие жүйесін жасау. Сондай-ақ, жұмылдырылуды алға тартуда және халықаралық білім беру бағдарламаларын әзірлеуде Несиелерді Аударудың Еуропалық Жүйесінің (ECTS) алатын рөлінің маңыздылығына ерекше көңіл аударылды. Олар ECTS ұлттық несие жүйелері үшін уақыт өте жалпыланған негізге айналып бара жатқанын атап өтеді. Олар ECTS аудару жүйесі-

нен жинақтау жүйесіне ауыстыру мақсатында әрі қарай ілгерілеуді көтермелейді, оны жоғары білімнің өсіп келе жатқан жалпыеуропалық кеңістіктің шеңберінде қалай дамитындығына байланысты дәйекті түрде қолдану қажет. ECTS жүйесі Еуропа ЖОО-ры үшін академиялық несиелердің бірыңғай жүйелері есебінде өз ұстанымдарын нығайтады. Оның өзара есепке алу (transferability) және жинақтау (accumulation) функцияларына ерекше көңіл аударылады.

2. Дәрежелерді мойындау: нақты жүйелерді және салыстырмалы деңгейлерді қабылдау. Сонымен бірге, Болон процесіне қатысушы барлық мемлекеттермен бекітілетін және «ENIS» пен «NARIS» желілерін шақыратын Мойындау бойынша Лиссабон Конвенциясының маңыздылығы, сонымен қатар, федералдық биліктің құзыретті органдары Конвенцияның әрі қарай іске асырылуына жағдай жасауы белгіленді. Осы жерден мақсат анықталды, оның шеңберінде әрбір студент-түлектерге 2005 жылдан бастап дипломға қосымша автоматты түрде және тегін берілуі тиіс. Ол кең таралған еуропалық тілдердің бірінде басып шығарылуы тиіс. Олар мекемелер мен жұмыс берушілерді дипломға қосымшаны белсенді қолдануға және бұдан әрі оқу үшін академиялық мойындауды алға тарту және жұмысқа орналасу аясындағы жағдайды жақсарту мақсатында жоғары білімнің жақсартылған, айқын және икемді жүйелерінің артықшылықтарын қолдануға шақырады.

3. Жоғары оқу орындарының Болон келісіміне қосылуы. Жоғары оқу орындарының және студенттердің Болон процесіне қосылуы мақұлданды және процестің барлық серіктестерінің белсенді қатысуы ғана оның ұзақ мерзімді табысын қамтамасыз етеді деп танылды. Мықты ЖОО-ның экономикалық және әлеуметтік даму процесіне қосатын мүмкін үлесін ескере отырып, сәйкесінше, институттарға олардың ішкі ұйымдары мен әкімшіліктеріне қатысты өздері шешім қабылдауға құқық беру қажеттілігі мойындалды.

4. Студенттік ұйымдардың Болон процесінде құрылымдық қатысуы және студенттерді алғашқы сатыда және де тұрақты негізде әрі қарайғы іс-шараларға қатысуға тарту қажеттілігі белгіленді. Студенттер жоғары білім алу үдерісін басқаруда толыққанды серіктестер болып табылады. Студенттердің белсенді қатысуы үшін жоспарланған уақыт кезеңі шеңберінде оқу үрдісін сәтті іске асыру үшін сәйкес оқу және өмір жағдайларын ұсыну, сондай-ақ, олардың әлеуметтік және экономикалық астарына байланыс-

ты тосқауылдарды жою қажеттілігі ерекше аталып өтті. Студенттердің әлеуметтік және экономикалық жағдайлары бойынша салыстырмалы деректердің көп мөлшерін ұсыну қажеттілігі.

5. Еуропалық университеттердің жоғары білім беру салаларын қолдауы. Бұл жерде әңгіме біріктірілген оқу бағдарламалары мен жалпы дәрежелерді бірінші, екінші және үшінші деңгейлерде әзірлеуге әрекеттесу мақсатында олардың академиялық ресурстары мен мәдени дәстүрлерін біріктіру бойынша Еуропаның түрлі мемлекеттеріндегі ЖОО қабылдаған бастамалары туралы айтылуда. Одан бөлек, шет елде бірлескен дәрежелердің бағдарламаларында оқытудың негізгі кезеңін ұйымдастыру қажеттілігі, сонымен қатар, еуропалық ұқсастық, азаматтық және жұмысқа орналасу мүмкіндігі тұрғысынан, студенттер өз әлеуеттерін толығымен іске асырулары үшін лингвистикалық ерекшеліктерді меңгеру және тілді үйрену үшін қажеттілігі айрықша айтылады.

6. Жалпыеуропалық жоғары білім беру кеңістігінің тартымдылығын қолдау. Сондай-ақ, еуропалық жоғары білімнің тартымдылығы мен ашықтығын жоғарылату қажеттілігі ерекше баса айтылды. Олар үшінші елдердегі студенттері үшін білім беру бағдарламаларын одан ары әзірлеуге даярлығын растады. Жоғары білім аясындағы трансұлттық алмасуды басқару академиялық сапаға және академиялық құндылықтарға негізделуі тиіс.

7. Өмір бойғы оқыту (Lifelong education). Болон декларациясында өмір бойғы оқытуды іске асыру процесінде жоғары білім аясының маңызды салымы идеясы ерекше аталып өтті. Олар осы бағытта қадам жасауда және өздерінің ұлттық саясатын осы мақсатқа жетуді қамтамасыз ету үшін және ЖОО-ны және басқа да мүдделі ұйымдарды жоғары білім деңгейінде өмір бойғы оқу мүмкіндіктерін өсіруге түрткі болатындай құрайды. Олар осындай әрекеттер жоғары білімнің құрамдас бөлігі болуы керектігін белгілейді [7].

Болон процесінің кеңеюі және тереңдеуі шамасына қарай осы өзгерістердің табысының басты факторы ретінде жоғары білім сапасына аударылатын назар жоғарылайды, бұл болон реформаларының негізгі құқықтық және этикалық құрамдастарының біріне айналады. Болон декларациясының өзі қазіргі кезеңді – ол әлі аяқталмаған процесс және де қандай да болса оңтайлы және теріс нәтижелер туралы айту әлі ерте. Жоғары білім сапасын қамтамасыз етуге қатысты еуропалық білім беру қауымдастығының ұстанымын анықтау маңызды. Сапаны

қамтамасыз ету жүйелері келесілерді қарастыруы тиіс:

- барлық мүдделі ұйымдар мен ЖОО-ның жауапкершілік деңгейін және міндеттерін анықтау;

- бағдарламалар және оқу мекемелерін, соның ішінде ішкі бағалауды, сыртқы сараптамаларды, студенттердің бағалау тәртібіне қатысуы және оның нәтижелерін жариялауға қатысуын бағалау;

- аккредитациялау, сертификаттау немесе соған ұқсас механизмдердің салыстырмалы жүйелерінің болуы;

- халықаралық серіктестік, ынтымақтастық және халықаралық жүйелерге қатысу. Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша стандарттар, тәртіптер және әдістемелік ұсынымдардың жинағы әзірленді, бақылау және/немесе аккредитациялауды қамтамасыз ету органдары мен агенттіктері үшін сыртқы сараптаманың тиімді жүйесін жасау мүмкіндіктері зерттелді.

1991 ж. Еуропалық қауымдастық комиссиясы Жоғары білім туралы меморандумын жариялады, мұнда Еуропаның болашақ азаматтарын даярлауда, жалпы еуропалық азаматтықтың идеяларын нығайтуда, Еуропа одағын құруда білім сапасының рөлі кең түрде анықталды. Меморандум жоғары білімнің жоғары сапасын қолдау бойынша алдағы жұмыстың негізгі құраушылары ретінде келесі аспектілерді атады:

- жоғары мектептің адами және материалдық ресурстарын барынша тиімді пайдалануға көмектесу;

- ғылыми зерттеулерді кеңейту және оларды оқу үрдісіне барынша енгізу;

- ЖОО-ға қабылдауды және студенттерді аттестациялау нысандарын жетілдіру және оңтайландыру;

- оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру; жұмыс берушілермен әрекеттестікті күшейту [8].

Одан басқа, мұнда еуропалық тұтастық пен бірлік қағидаттары көрініс алды, олар ерекше айтылып кеткендей, білім беру бағдарламаларында, бірінші кезекте, гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық бейіндер және дайындау бағыттары бойынша нақты мазмұнды сипатқа ие болуы тиіс. Әрі қарайда осы ерекше еуропалық аймақтық құрамдас бөліктің болуы білімнің жаңа сапасының міндетті шарттарының біріне айналды. Бірегей білім беру кеңістігінің міндеттеріне қатысты сапа осы мәтінде де «еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сенім орнатудың, сәйкестіктің және тартымдылықтың міндетті шарты» ретінде қарастырылады. Осылайша,

жоғарыда айтылғанды бастамаға ала отырып, Болон білім берудің басты мақсаты – үш деңгейдің (бакалавриатура, магистратура немесе докторантура) қайсысында екені маңызды емес білім сапасын қамтамасыз ету.

Болон процесінің даму тарихы және оны қазақстандық реформалармен салыстыру, сәйкестендіру Болон келісімінің шеңберінде қабылданған шешімдер Қазақстандағы реформалардың даму бағытына әсер ететінін анық көрсетеді. Бұл тек Болон процесімен ғана емес, сондай-ақ, қоғамды жаһандандыру процесімен, дамыған мемлекеттердің білім беру саясатының бүкіл әлемдік беталыстарымен және ЮНЕСКО форумындағы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мемлекеттерінің білім министрлерінің форумындағы қабылданған шешімдермен де байланысты. 2003 жылы айтарлықтай сапалы бұрылыс орын алды – ECTS сынақ бірліктерін еуропалық аудару жүйесіне, ЮНЕСКО дипломына қосымшаның бірыңғай үлгісіне, жоғары және ЖОО-дан кейінгі білімнің «бакалавриат – магистратура – докторантура PhD» үшдеңгейлігі (үш кезең), ТМД елдерінің соның ішінде біздің көршіміз Ресей-

дің үрдісіне қосылуына бағыт алынды. Болон декларациясының қағидаттарына сәйкес, 2003 ж. бастап Қазақстанда несиелік оқыту жүйесі белсене түрде енгізіле бастады, 2005 ж. бастап – аспирантура мен докторантура PhD докторантурасына өзгертілді.

Жоғары білімді реформалаудың басты бағыты экономикадағы өзгерістерге оның бейімделуіне жағдай жасау, сонымен бірге, білім жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне Болондық үдеріс арқылы кіру болып табылады. Белгілі болғанындай, Қазақстан Республикасына Болон декларациясына қосылу құрметі бұйырды және еуропалық білім кеңістігінің тең құқылы қатысушысы болған орталықазия мемлекеттері арасындағы біріншісі саналады [9].

Болон үдерісі міндетті ерекшеліктерін қарастырып, олардың Қазақстанда жүзеге асырылуын бағалаймыз (1-кесте). Кестеден көріп отырғанымыздай, қазіргі уақыттағы республикадағы жүзеге асыру қазақстандық жоғары білім жүйесімен Болондық үдеріске қатысушы елдердің білім жүйелерімен бірге жақындық бойынша ізін басу жұмысы мақсатты түрде жүзеге асырылуда [10].

**1-кесте** – Болондық үдерістің ерекшеліктерін салыстырмалы түрде қарастыратын талдау

<b>Болондық үдерістің міндетті ерекшеліктері</b>	<b>Қазақстандағы Болондық үдерістің ерекшеліктерін жүзеге асыру</b>
Жоғары білімнің үш деңгейлі жүйесі	ҚР оқу орындарында табысты жүзеге асырылуда
ECTS академиялық кредиттері	Республиканың оқу орындарына білім технологиясы кредиттері енгізілген
Оқу орындарының әкімшілік қызметкерлерінің, ұстаздарының, студенттерінің академиялық тұтастығы	Жүзеге асырылу сатысындағы жоғары оқу орындарына академиялық тұтастықты енгізу мәселесінің бірі оны қаржыландыру жағы болып табылады
Дипломға еуропалық қосымша	ҚР оқу орындарының кейбірінде ғана жүзеге асырылуда
Жоғары білімнің сапасын бақылау	Табысты енгізіліп, жаттықтырылуда
Біртұтас еуропалық зерттеу кеңістігін құру	Біртұтас еуропалық зерттеу кеңістігіне еруге жобалар жасалуда

Бұл қабылданған міндеттемелерге орай Қазақстан 2020 жылы мынадай іс-шаралардың қатарын орындауы керек:

Максималды салыстырмалы бірүлгілі білім кезеңін кеңінен тарату арқылы «ашықтықпен» қамтамасыз ету;

Бірдей білім несиелері жүйелерін (сынақ бірліктері), алынған біліктілікті бірдей етіп белгілеу және оларды бірдей тануды енгізу;

Мамандарды дайындау сапасын қамтамасыз ету құрылымын дамытуды қалыптастыру және т.б.

Қазақстандағы Болондық үдерістің негізгі талаптарын жүзеге асыру жағдайында оқу орындарының қызметін үйлестіруші және жүргізілген реформаның маңыздылығына мониторинг жасайтын құрылымды құрудың қажеттілігі туды [11]. Осыған орай, ҚР БҒМ бастамасымен БСБҰО қызмет істеу шеңберінде Болондық үдеріс Институты құрылды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, сапалы білім беруге тән құндылықтар, тәсілдемелердің әртүрлілігі, мамандықаралық дағдылар мен икемділікті дамыту, оған мысалы, коммуникация және тілдер, білімді жұмылдыру, мәселелерді шешу қабілеттілігі, командада жұмыс істей алушылық және әлеуметтік дамуы, – осының барлығы өмір бойы оқу келешегін ескере отырып, жұмысқа орналасудың зор мүмкіндіктерін ұсынады. Қазақстанның жоғары оқу орындары да үйлесімді біліктілік пен оқытудың бірізділік деңгейіне негізделген дипломдарға қарай жылжуды қолдайды. Университеттердің әртүрлі елдердің дарынды адамдары үшін тартымды болудың, жаңа әлеуметтік зиялылардың көзі болудың нақты көрсетілген ұмтылысы бар. Осы маңызды рөлді атқару институционалдық, ұлттық және халықаралық деңгейлерде әрекет етуді талап етеді, соның ішінде бағдарламаларды, дәрежелерді бейімдеу; сапаны қамтамасыз етудің қажетті қаражаттары; күшейтілген қаржыландыру; әлемдік тілдерде оқыту; сәйкес ақпарат пен маркетинг; шетел ғалымдары мен студенттері

үшін қызмет көрсету деңгейі, сондай-ақ, әмбебап ақпараттық ресурстарға еркін қолжеткізу. Тек осы міндеттерді іске асырған кезде ғана элитарлыққа, жаңа бәсекеге қабілетті білім сапасына жол аша алады.

### Қорытынды

Қорыта келе, Болон келісіміне ену барысында жүйеде артықшылықтармен қатар қиындықтар да болды. Бір жағынан, қазақстандық мамандардың жұмылдырылуы күрделі мәселе болып табылады. Қазақстанның дипломдары шетелде біз нақты бағдарламалар шеңберінде өзара әрекеттескен кезде ғана мойындалады. Басқа жағдайларда, Еуропаның басым елдерінде тіпті, орта білім туралы аттестаты да мойындалмайды. Жете оқу немесе қайта аттестаттаудың ұзақ рәсімдерін және дәлелдеуді өту қажет. Жоғары білімге қатысты айтатын болсақ, ЖОО-ға қайта оқуға түсу және толығымен қайта оқу немесе қайта аттестаттаудың ұзақ рәсімдерін (СІМ арқылы қазақстандық ЖОО-ға білім беру бағдарламалары, тәртібі, бағалары, аудармалары, аппостиляция және т.б. туралы сұрау салу) өткізу қажет, ол әдетте, бір жылдан аса уақыт алады. Сөйтіп, біздің білімнің бәсекеге қабілеттігін, қазақстандық ЖОО-ның дипломдарын мойындауды қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламаларының ашықтығын, олардың сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

### Әдебиеттер

- 1 Қазақстанда жоғары білім беруді реформалау және Болон үрдісі: тәжірибелік іс-әрекеттерге арналған ақпараттық материалдары. – Алматы, 2009. – 120 б.
- 2 Дереккөзі: <http://kant.kg/2011-10-26/kazaxstanskix-vuzov-prisoedinilis/>
- 3 Добрынин М.А. «Болонская декларация как фактор формирования Европейского образовательного пространства» / Педагогика. – 2006. – № 9. – 130 с.
- 4 Нурбекова Ж.А. Оценка качества высшего образования в свете Болонского процесса // Инновации в образовательной деятельности и вопросы повышения качества обучения. – 2012. – №1. – 156-158 с.
- 5 Образование, исследования и развитие: материалы Третьей международной конференции, Болгария, 2012.
- 6 Adam S. Qualification Structures in European Higher Education To Consider Alternative Approaches for Clarifying the Cycles and Levels in European Higher Education Qualifications. – 2002.
- 7 Callan, H. Internationalization in Europe, in: P.Scott ed, The Globalization of higher education (Buckingham, OUP & SRHE) – 1998.
- 8 Toje A. The EU as a Small Power: Europe's Strategic Actorness. // European Integration – Vol.30, No. 2, 199 – 215
- 9 Баталов Ю.В., Колос Е.А. Научно-методологические подходы, инновационное управление высшим образованием Казахстана/ Ю.В. Баталов редак. – Өскемен: ШҚМТУ, 2011.– 218 б.
- 10 Сарсембаева Г.Ж., Кайгородцев А.А. Казахстан в Болонском процессе // group-global.org
- 11 Антонов В.А., Мутанов Г.М., Швец О.Я., Юхневич В.А. Настройка Казахской системы оценки достигнутых результатов обучения студентов на европейскую систему перезачета кредитов (ESTS) // «Қазақстандағы жоғары білім берудің жағдайы мен даму әлеуеттері – ТЕМПУС бағдарламасының ықпалы» МК материалдары, Алматы, 2010 ж. 21-22 қыркүйегі. 206-212 б.

## References

- 1 Kazakstanda zhogary bilim berudi reformalau zhane Bolon yrdisi: tazhiribelik is-areketterge arnalgan akparattyk materialdary. – Almaty, 2009. – 120 b.
- 2 DerekkOzi: <http://kant.kg/2011-10-26/kazaxstanskix-vuzov-prisoedinilis/>
- 3 Dobrynin M.A. «Bolonskaja deklaracija kak faktor formirovanija Evropejskogo obrazovatel'nogo prostranstva» /Pedagogika. – 2006. – № 9. – 130 s.
- 4 Nurbekova Zh.A. Ocenka kachestva vysshego obrazovanija v svete Bolonskogo processa // Innovacii v obrazovatel'noj dejatel'nosti i voprosy povyshenija kachestva obuchenija. – 2012 №1. – 156-158 s.
- 5 Obrazovanie, issledovanija i razvitie: materialy Tret'i mezhdunarodnoj konferencij, Bolgarija, 2012.
- 6 Adam S. Qualification Structures in European Higher Education To Consider Alternative Approches for Clarifiunf the Cycles and Levels in European Higher Education Qualifications. – 2002.
- 7 Callan, H. Internationalization in E urope, in: P.Scott ed, The Globalization of higher education (Buckingham, OUP & SRHE) – 1998.
- 8 Toje A. The EU as a Small Power: Europe's Strategic Actorness. // European Integration – Vol.30, No. 2, 199 – 215
- 9 Batalov Ju.V., Kolos E.A. Nauchno-metodologicheskie podhody, innovacionnoe upravlenie vysshim obrazovaniem Kazahstana/ Ju.V. Batalov redak. – Oskemen: ShKMTU, 2011.– 218 b.
- 10 Sarsembaeva G.Zh., Kajgorodcev A.A. Kazahstan v Bolonskom processe // group-global.org
- 11 Antonov V.A., Mutanov G.M., Shvec O.Ja., Juhnevich V.A. Nastrojka Kazahstanskoj sistemy ocenki dostignutyh rezul'tatov obuchenija studentov na evropejskuju sistemu perezacheta kreditov (ESTS)// «Kazakstandagy zhogary bilim berudin zhagdajy men damu aleuetteri – TEMPUS bagdarlamasynda ukpaly» MK materialdary, Almaty, 2010 zh. 21-22 kyrkyjegi. 206-212 b.